



## **Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау үйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 16 қарашада № 21642 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексі 123-бабының 4-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1-тармағына сәйкес БҮЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау үйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтары мен кейбір бұйрықтардың құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті үйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министри

A. Цой

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министри

2020 жылғы 13 қарашасы  
№ КР ДСМ-194/2020 Бұйрыққа  
1-қосымша

**Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау үйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидалары**

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Медициналық-санитариялық алғашқы көмек үйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 123-бабының 4-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1-тармағына сәйкес өзірленді және медициналық-санитариялық алғашқы көмек үйымдарына (бұдан әрі - МСАК) жеке тұлғаларды бекіту тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) әкімшілік-аумақтық бірлік – ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс;

2) әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (бұдан әрі - Қор) – аударымдар мен жарналарды жинақтауды жүргізетін, сондай-ақ медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемдерде және талаптармен сатып алу мен оларға ақы төлеуді және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес үйим;

3) бала (балалар) – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам;

4) баланың заңды өкілдері – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, оның құқықтары мен мұдделерін қорғауды жүзеге асыратын ата-аналар (ата-ана), бала асырап алушылар, қорғаншы немесе қамқоршы, баланы қабылдайтын ата-ана (баланы қабылдайтын ата-аналар), патронат тәрбиеші және оларды алмастыруши басқа да адамдар;

5) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6) МСАК көрсететін жаңадан пайдалануға берілетін денсаулық сақтау объектісі (бұдан әрі – жаңадан пайдалануға берілетін денсаулық сақтау объектісі) – денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өнірлік перспективалық жоспарына енгізілген және жаңа немесе қолданыстағы объектіні өзгерту жолымен алғаш рет ашылған МСАК объектісі;

7) сақтандыру ұйымы – уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын занды тұлға;

8) цифрлық денсаулық сақтау субъектісі – цифрлық денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын немесе қоғамдық қатынастарға түсетең жеке және занды тұлғалар, мемлекеттік органдар;

3. МСАК ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту МСАК көрсету үшін негіз болып табылады және:

- 1) қызмет көрсетудің отбасылық қағидаты;
- 2) МСАК аумақтық қолжетімділігі;
- 3) аумақтық қолжетімділік шегінде медициналық ұйымды еркін таңдау;
- 4) пациенттің медициналық көмек сапасына қанағаттануы;

5) меншік нысанына және ведомстволық тиесілігіне қарамастан, тең күкүйктылық және адал бәсекелестік қағидаттарымен жүзеге асырылады.

4. Жеке тұлғаларды бекіту жаңадан пайдалануға берілетін денсаулық сақтау объектілеріне бекітуді қоспағанда, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі - ТМКК) шенберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі - МӘМС) жүйесінде медициналық көмек көрсетуге қормен медициналық қызметтерді сатып алу шартын (бұдан әрі – медициналық қызметтерді сатып алу шарты) жасасқан МСАК-тың бір ұйымына жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) бойынша жүзеге асырылады және бекіту науқаны кезеңінде пайдалануға бірінші рет қабылданған МСАК объектісі болып табылады.

МСАК ұйымына жеке тұлғаны бекіту кезінде алдыңғы МСАК ұйымынан бекітуден шығару автоматты түрде жүзеге асырылады.

5. Балалар үйлерінде, интернаттарда, балаларға арналған мамандандырылған ұйымдарда тұратын балалар, сондай-ақ медициналық-әлеуметтік ұйымдарда тұратын адамдар аумақтық қызмет көрсету аймағында көрсетілген ұйымдар орналасқан МСАК ұйымдарына облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының (бұдан әрі - денсаулық сақтау басқармасы) шешімінің

негізінде көрсетілген ұйымдар орналасқан аумақтық қызмет көрсетеу аймағында МСАК ұйымдарына бекітіледі (бұдан әрі - бөлу туралы бұйрық).

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жүрген тұлғаларды бекіту жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмесін қоса бере отырып, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумағында оларға бекітілген қызмет көрсетеу аймақтары бар МСАК ұйымдарының тізімін қамтитын деңсаулық сақтау басқармасының шешімі негізінде жүзеге асырылады. Жеке басын куәландыратын құжат болмаған жағдайда тіркеу күелігінің (ЖСН) көшірмесі қоса беріледі.

6. МСАК ұйымына еркін таңдау құқығын пайдаланбаған жеке тұлға бұрын қызмет көрсетілген МСАК ұйымына бекітілген болып қалады.

Бұрынғы МСАК ұйымында келесі жылға қормен медициналық қызметтерді сатып алу шарты болмаған жағдайда бекіту жыл сайын қорға 20 қарашадан кешіктірмей ұсынылатын бөлу туралы бұйрықтың негізінде қабылданған МСАК ұйымдарына нақты тұру орны бойынша аумақтық қолжетімділікті ескере отырып жүзеге асырылады.

Бөлу туралы бұйрықты ескере отырып, қабылданған бекіту кампаниясының қорытындысы бойынша қордың филиалында құрылған медициналық қызметтердің көлемін таңдау және орналастыру жөніндегі өнірлік комиссия (бұдан әрі – өнірлік комиссия) Кодекстің 7-бабының 62) тармақшасының негізінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетеу жөніндегі деңсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларында (бұдан әрі – Қызметтерді сатып алу қағидалары) көзделген тәртіппен ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетеу мен көрсетілген қызметтердің көлемін бөлу жөніндегі қызметтер жеткізушилерін таңдау рәсіміне жіберілетін (жіберілмейтін) МСАК субъектілерінің тізбесін айқындауды және бекіту науқанын жүргізу қорытындылары туралы хаттама түрінде шешім қабылдайды.

Таңдау рәсіміне жіберілген МСАК субъектілері Қызметтерді сатып алу қағидаларына сәйкес осы рәсімге қатысады.

7. Осы Қағидалардың 4, 5 және 6-тармақтарында көрсетілген жек тұлғаларды бекітуді қордан ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетеу бойынша қызметтердің көлемін орналастыру (орналастырмау) қорытындылары туралы хаттаманы (бұдан әрі - орналастыру қорытындыларының хаттамасы) алған құннен бастап бір жұмыс

күні ішінде цифрлық денсаулық сақтау саласындағы субъектілер қамтамасыз етеді.

**2-тарау. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту тәртібі**

8. МСАК көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту медициналық ұйымды еркін таңдау құқығы бойынша басқа әкімшілік-аумақтық бірлікте орналасқан жақын мандағы емханаға бекітілетін шекара маңындағы аумақтарда тұратын адамдарды қоспағанда, бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде (ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс) МСАК ұйымын еркін таңдау құқығы ескеріле отырып, тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша жүзеге асырылады.

МСАК маманын еркін таңдау участкеге (МСАК маманына бекітілген алғашқы медициналық-санитарлық көмек субъектілерінің халыққа қызмет көрсету аумағының бөлігі) бекітілген халықтың санын ескере отырып, бекітілген жері бойынша МСАК ұйымының шегінде жүзеге асырылады.

9. Тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша МСАК ұйымына бекіту үшін "МСАК көрсететін медициналық ұйымға бекіту" мемлекеттік қызмет іске асырылды.

МСАК ұйымы пациентке өз бетінше немесе "Электронды үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - ЭУП) арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметтерді ұсынады.

Жеке басты қуәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді МСАК ұйымы ЭУП арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті ұсыну ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын "МСАК көрсететін медициналық ұйымға бекіту" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес келтірілген.

"МСАК көрсететін медициналық ұйымға бекіту" тікелей жүгінген кезде ұйымның бірінші басшысының атына жазбаша нысанда өтінімді ресімдеуге тиісті құжаттары болған жағдайда мынадай жеке тұлғалар бере алады:

- 1) зейнеткерлер;
- 2) мүгедектер;

3) бала кезінен мүгедек баланың занды өкілдері, сондай-ақ қорғаншылар немесе қамқоршылар, патронаттық тәрбиешілер және Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, баланың құқықтары мен мұдделерін қорғауды жүзеге асыратын басқа да оларды алмастыратын адамдар ( занды өкілдер);

4) сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген, колонияларда өтеп жүрген сottalғандар (өтеу орны бойынша), өнірлердің "Денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының бұйрығымен құрылған "Бекітілген халық тіркелімі" АЖ-де халықтың МСАК-ке бекітілуін (босатуын) тіркеу мәселелерін қарастыру жөніндегі комиссияның хаттамасы болса;

5) студенттер, сондай-ақ медреседе оқитын студенттер, МСАК-ке жоғары оқу орны ректорының жазған өтініші және оқу орны мен МСАК арасындағы комиссияның хаттамасы болса;

6) мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер;

7) шет мемлекеттерде туған балалар;

8) қамқорлықтағы сәбілдер, жетімдер, қарттар үйлері және басқалар;

9) бекітуді сенімхат бойынша, оның ішінде шарт болған кезде ерікті медициналық сақтандыру шарты бойынша ресімдейтіндер.

МСАК ұйымына тікелей жүгінген кезде МСАК ұйымының мамандары "Бекітілген халық тіркелімі" медициналық ақпараттық жүйесіне бекітуге сұрау салуды ресімдейді. Цифрлық денсаулық сақтау субъектісінің маманы бекітуге арналған сұрау салуды қарайды және өтінімді мақұлдау туралы не дәлелді бастарту туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік қызмет құжаттарды тапсырған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салу МСАК ұйымының жұмысы аяқталғанға дейін 2 сағат бұрын қабылданады (жұмыс күндері сағат 18.00-ге дейін).

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі (не сенімхат бойынша оның өкілі) тіркеу туралы хабарлама немесе "Жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында дәлелді бастарту келіп түседі.

ЭҮП арқылы мемлекеттік қызмет порталға жүгінген күні көрсетіледі.

МСАК ұйымы Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсетуге мониторинг жүргізу мақсатында "МСАК көрсететін медициналық ұйымға бекіту" мемлекеттік қызмет көрсету туралы деректерді ақпараттық жүйеге енгізуі қамтамасыз етеді.

10. Бекіту негіздемелері:

1) бір әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс жерге бір айдан астам мерзімге немесе бір әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында шыға отырып, тұрақты немесе уақытша тұратын жерін өзгерту;

2) МСАК ұйымдарын бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде (ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс) еркін таңдауын жүзеге асыру;

3) қордың бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде (ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс) 15 қыркүйектен бастап 15 қараша аралығында бекіту науқанын (бұдан әрі - бекіту науқанын) жүргізу;

4) сақтандырушы мен сақтандыру ұйымының арасында жасалған ерікті медициналық сақтандыру шарты бойынша (бұдан әрі - ЕМС шарты), оның шеңберінде МСАК ұйымы сақтандырылған тұлғаға медициналық қызмет көрсетеді;

5) өнірлік комиссия айқындаған бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде (ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс) МСАК ұйымына бекітумен келіспеу;

6) МСАК ұйымының азаматтарға МСАК көрсетуден бас тарту, соның ішінде қордың көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын бұзуға немесе өзгертуге әкеп соғатын оны қайта ұйымдастыру, тарату;

7) медициналық қызметтерді көрсетуге үміткер МСАК ұйымдарына медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемін орналастырмау;

8) жаңадан пайдалануға берілетін денсаулық сақтау ұйымдарының пайда болуы;

9) жекешелендіру арқылы мемлекеттік кәсіпорын болып табылатын МСАК ұйымын иеліктен шығару.

11. Осы Қағидалардың 10-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) тармақшаларымен көзделген негізdemeler бойынша МСАК ұйымдарына бекіту тұлғаның ЭУП арқылы электрондық өтініш беру жолымен жүзеге асырылады.

12. Бекіту науқаны кезінде МСАК ұйымына бекітілген жеке тұлғалар қормен қызметтерді сатып алу шартын жасасқан жағдайда келесі жылғы 1 қаңтардан бастап МСАК алады.

13. Осы Қағидалардың 10-тармағының 4) тармақшасына сәйкес бекітілген жеке тұлғалар ЕМС шарты шеңберінде медициналық көмек көрсететін МСАК ұйымынан МСАК алады.

14. МСАК ұйымдары тұратын жері бойынша бекітілген тұлғаларды МСАК көрсету тоқтатылғандығы туралы:

1) қормен жасасқан медициналық қызметтерді сатып алу шартын бұзған немесе өзгерктен күніне дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын;

2) МСАК ұйымын қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік екі күннің ішінде;

3) тандау рәсімінің қорытындысы бойынша қордың медициналық қызметтердің көлемдерін орналастырмайтындығы туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік екі күннің ішінде жазбаша хабардар етеді.

"Бекітілген халық тіркелімі" ақпараттық жүйесінде телефон нөмірі (электрондық поштаның мекенжайы) болған кезде, МСАК ұйымы халыққа МСАК көрсету тоқтатылғандығы туралы хабарлама жолдау арқылы, сондай-ақ басқа да тыйым салынбаған ақпараттық құралдар арқылы халықты хабардар етеді.

15. Осы Қағидалардың 10-тармағының 6), 7), 8), 9) тармақшаларымен көзделген негіздемелер бойынша МСАК ұйымдарына жеке тұлғаларды бекітуді бөлу туралы бұйрықтың негізінде қабылдаған қордан орналастыру қорытындысының хаттамасын алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде цифрлық денсаулық сақтау субъектісі жүзеге асырады.

Бөлу туралы бұйрықты денсаулық сақтау басқармалары қорға жыл сайын 20 қарашаға дейін жібереді және денсаулық сақтау басқармаларының интернет-ресурстарында орналастырылады.

Қадамдық қолжетімділікті ескере отырып, МСАК көрсететін жаңадан пайдалануға берілетін денсаулық сақтау обьектілерін бөлу туралы бұйрықты денсаулық сақтау басқармалары шығарады және жаңадан пайдалануға берілетін обьектінің басшысына тіркелген жазбаша хабарлама берілген күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде қорға жібереді.

Адамдарды өңірлік комиссия хаттамасының негізінде МСАК ұйымдарына бекіткеннен кейін МСАК ұйымдары бекітілген тұлғаларды олардың тұрғылықты жері бойынша жазбаша хабардар етеді. "Бекітілген халықты тіркеу" ақпараттық жүйесінде телефон нөмірі (электрондық поштаның мекенжайы) болған кезде, МСАК ұйымы тұлғаларды хабарлама жіберу, сондай-ақ өзге де тыйым салынбаған ақпарат құралдар арқылы хабардар етеді.

Өңірлік комиссия айқындаған МСАК ұйымына келіспеген жағдайда, тұлға осы Қағидалардың 10-тармағының 5) тармақшасында көзделген негіздеме бойынша бекітуді өзгертуге өтініш береді.

16. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде МСАК көрсететін жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғаларға бекіту осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

17. МСАК ұйымынан босату:

1) қайтыс болуы туралы күелігінің негізінде бекітілген тұлғаның өлімі фактісі белгілі болғанда;

2) бекітілген тұлғаның тұрақты немесе уақытша нақты тұрған жері өзгергенде;

3) ЕМС шартының қолданылуы тоқтағанда жүзеге асады.

**3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтерді көрсете мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

18. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органга беріледі.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түсken көрсетіletтіn қыzmettі aluShyның shaғымы tіrkелgen kүnіnen bastap bes жұмыс kүnі iшіnde қaraугa жatады.

Мемлекеттік қызметтер көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түсken көрсетіletтіn қыzmettі aluShyның shaғымы оның tіrkелgen kүnіnen bastap он bes жұмыс kүnі iшіnde қaralugа жatады.

19. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілген қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Медициналық-санитариялық  
алғашқы көмек көрсететін  
денсаулық сактау үйымдарына  
жеке тұлғаларды бекіту  
қағидаларына  
қосымша

#### **"Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық үйымға бекіту"** **мемлекеттік қызметі**

1	Қызмет берушінің атауы	Медициналық-санитариялық алғашқы көмек үйымы
2	Мемлекеттік көрсетіletтіn қыzmettі үшінү тәsілдері	1) тіkelей медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) үйымы арқылы; 2) "Электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – ЭҮП) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметті көрсете мерзімі	1) пациент МСАК үйымының құжаттарын тапсырған сәттен бастап, сондай – ақ ЭҮП арқылы жүтінген кезде - 1 (бір) жұмыс күні; 2) құжаттарды тапсыру үшін құтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 30 (отыз) минут; 3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.
4	Мемлекеттік қызметті көрсете электрондық (iшинара автоматтандырылған)/қағаз түрінде. нысаны	

5	Мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесі	1) МСАК үйымының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦК) қойылған электрондық күжат нысанында бекіту туралы хабарлама; 2) дәлелді бас тарту.
6	Мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде қызметті алушыдан алышатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	1) МСАК үйымы – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс (жексенбі) және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – сенбі аралығында (дүйсенбі – жұма – үзіліссіз сағат 8.00-ден бастап 20.00-ге дейін, сенбі – сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін). Бұл ретте мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға сұраныс көрсетілетін қызметті берушінің жұмысы аяқталғанға дейін 2 сағат бұрын қабылданады (жұмыс күндері 18.00-ге дейін, сенбі күні 12.00-ге дейін); 2) ЭҮП – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетеу нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8	Мемлекеттік қызметтер көрсетеу үшін қажетті күжаттардың тізбесі	1. МСАК үйымдарына белгілі бір контингент жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетеу үшін қажетті күжаттар: 1) жеке басын сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын күжат; 2) зейнеткерлер - зейнеақы куәлігі; 3) мүгедектер - зейнетақы куәлігі немесе медициналық-әлеуметтік сараптаманы куәландыру актісінен үзінді; 4) бала кезінен мүгедек баланың заңды өкілдері, сондай-ақ қорғаншылар немесе қамқоршылар, патронаттық тәрбиешілер және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, баланың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын басқа да оларды алмастыратын адамдар (заңды өкілдер), сот шешімі немесе қамқоршылық, қорғаншылық растайтын өзге де күжат; 5) сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген, колонияларда өтеп жүрген сottалғандар (өтеу орны бойынша) – өнірлердің "Денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының бұйрығымен құрылған "БХТ" АЖ-ға тұрғындарды МСАК-ға бекітуді (бекітуді) тіркеу мәселелерін қаруа жөніндегі комиссияның хаттамасы; 6) мерзімді қызмет әскери қызметшілері – мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді жеке құрам тізіміне қабылдау туралы әскери бөлім командирінің (мекеме бастығының) бұйрығынан үзінді көшірме; 7) студенттер (18 жасқа дейінгі балалар), сондай-ақ медреседе оқытын студенттер (18 жасқа дейінгі балалар) - жоғары оқу орны ректорының МСАК-дегі ресми өтініші және оку орны мен МСАК арасындағы комиссияның хаттамасы; 8) шет мемлекеттерде туған балалар – шет мемлекетте туғанын растайтын күжат; 9) сәбілдер, жетімдер, карттар үйлерінің және басқалары - қамқорлыққа алынған тұлғалар - облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың

		денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті аткарушы органдарының шешімі;	
		10) бекітуді сенімхат бойынша, оның ішінде шарт болған кезде ерікті медициналық сақтандыру шарты бойынша ресімдейтіндер.	
		2. ЭҮП-те: электрондық түрде сұрау салу.	
9	Казақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден тарту негіздер	бас үшін	1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) медициналық ұйымды еркін таңдау құқығы бойынша басқа әкімшілік-аумақтық бірлікте орналасқан жақын жердегі емханаға бекітілетін шекаралас аумақтарда тұратын адамдарды қоспағанда, қызметті алушының МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектісі орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік шегінен (ауыл, кент, қала, облыстық маңызы бар қаладағы аудан, республикалық маңызы бар қала, астана) тыс нақты (тұрақты немесе уақытша) тұруын белгілеу; 3) бекітілген халықтың саны бір жалпы практика дәрігеріне 1700 адам аралас халық, участекелік терапевтке 2200 адам, участекелік педиатрга 6 жасқа дейін 500 бала, 14 жасқа дейін 900 баладан асуы. 4) балалар бекітілген жағдайда заңды өкілдігін растайтын құжаттың болмауы.
10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып койылатын өзге де талаптар		Пациент мемлекеттік қызметті порталда тіркелген субъектінің ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік пароль беру жолымен немесе портал хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен электрондық нысанда алу мүмкіндігіне ие. Пациенттің ЭЦҚ болған жағдайда ЭҮП арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алу мүмкіндігі бар.

Бұйрыққа  
2-косымша

### Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір күші жойылған бұйрықтары мен кейбір бұйрықтардың құрылымдық элементтерінің тізбесі

1) "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын және Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 281 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11268 тіркелген, 2015 жылғы 22 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын және Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 281 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 15 маусымдағы № 424 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15315 тіркелген, 2017 жылғы 17 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған);

3) "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын және Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарына бекіту қағидаларын

бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 281 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 20 қарашадағы № 840 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16054 тіркелген, 2017 жылғы 8 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған);

4) "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 2 қазандағы № ҚР ДСМ-21 бұйрығының 1-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17487 тіркелген, 2018 жылғы 8 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған);

5) "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын және Медициналық-санитариялық алғашқы көмек үйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 281 бұйрығына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 12 ақпандағы № ҚР ДСМ-4 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18301 тіркелген, 2019 жылғы 18 ақпанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған);

6) "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 4 мамырдағы № ҚР ДСМ-62 бұйрығымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтары тізбесінің 5-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18637 тіркелген, 2019 жылғы 23 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған);

7) "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын және Медициналық-санитариялық алғашқы көмек үйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 281 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

министрінің 2019 жылғы 29 тамыздағы № ҚР ДСМ-122 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19315 тіркелген, 2019 жылғы 3 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған);

8) "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын және Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 281 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № ҚР ДСМ-42/2020 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20550 тіркелген, 2020 жылғы 4 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған);

9) "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 шілдедегі № ҚР ДСМ-76/2020 бұйрығымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін денсаулық сақтау саласындағы кейбір бұйрықтар тізбесінің 1-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20932 тіркелген, 2020 жылғы 9 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған).